

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

БЕКІТЕМІН

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық зерттеу
университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректо



Қ.М.Тиреуов

«04» 2025 ж. № 4 хаттама

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«7M04116 Бизнес менеджмент және технологиялар»

Білім беру саласының жіктеуі мен коды: 7M04 Бизнес, басқару және құқық


Даярлау бағыттарының жіктеуі мен коды: 7M041 Бизнес және басқару

Білім берудің халықаралық стандартты жіктеу коды: 0410

Дәреже: «7M04116 Бизнес менеджмент және технологиялар» білім беру
бағдарламасы бойынша экономика ғылымдарының магистрі

Астана, 2025

Академиялық комитет:

№	ТАЖ	Ғылыми дәрежесі, атағы	Лауазымы	Жұмыс орны	Қолы
1	Нукешева Анар Жаскайратовна	э.ғ.к., профессор	Профессор	С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ	
2	Айнаканова Бакытгуль Асимхановна	PhD	Қауымдастыр ылған профессор	С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ	
3	Айкупешева Дина Маликаждаровна	э.ғ.к.	Аға оқытушы	С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ	
4	Ерназарова Анар Каржаубаевна	э.ғ.м.	Аға оқытушы	С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ	
5	Аппазова Гүлбану Жүнісқызы	э.ғ.м.	Білім беру бағдарламасы ның 2 курс докторанты	С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ	

Жұмыс берушілер өкілдерімен келісілген

№	Аты-жөні, тегі	Қызметі	Жұмыс орыны	Қолы
1	Сабилов Б.Т.	«ВЮ Nord» ЖШС директоры	Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр ауылы	

7М04116 «Бизнес менеджмент және технологиялар» білім беру бағдарламасы

«Менеджмент и маркетинг» кафедрасының отырысында қарастырылды,
хаттама № 8 « 18 » 02 2025 ж.

Академиялық сапа бойынша факультет кеңесі отырысында қарастырылды,
хаттама № 8 « 18 » 02 2025 ж.

Университеттің Академиялық кеңесі отырысында қарастырылды,

хаттама № 7 « 19 » 03 2025 ж.

7М04106 - «7М04116 «Бизнес менеджмент және технологиялар» БББ өзектендірілу күні « ____ » _____ 2025 ж.

Білім беру бағдарламасының мазмұны

№	Компонент атауы	Беттер
1	Нормативтік сілтемелер	4
2	Білім беру бағдарламасының паспорты	5
3	Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы	7
4	Түлектің құзыреттілік үлгісі (бейнесі)	8
5	Кәсіптік практикадан өту базасы	10
6	Білім беру бағдарламасының құрылымы	11
7	Білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптастырылатын оқу нәтижелеріне қол жеткізудің өзара байланысы	12

1 Нормативтік сілтемелер

1.1 Қазақстан Республикасының Конституциясы;

1.2 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

1.3 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы;

1.4 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары»;

1.5 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары»;

1.6 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидалары»;

1.7 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі»;

1.8 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан білім беру қызметтерін көрсету талаптарын және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша қашықтықтан оқыту және онлайн-оқыту түріндегі оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы»;

1.9 Еуропалық кредиттерді ауыстыру және жинақтау жүйесін (ECTS) пайдалануға арналған басшылық;

1.10 Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі жоғары білімнің сапасын қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен нұсқаулықтар (ESG);

1.11 ҚР ҒЖБМ Ұлттық жоғары білім беру дамыту орталығы директорының 2023 жылғы 4 мамырдағы № 601 н/қ бұйрығына қосымша 1 – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі басшылық;

1.12 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары және білім беру бағдарламаларын тізілімге енгізу және одан шығару негіздері»;

1.13 Кәсіби стандарт: «Инновациялық жобаны сүйемелдеу» (ҚР «Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасарының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 259 бұйрығына қосымша № 1);

1.14 Басқарма төрағасы – Ректордың 2023 жылғы 24 шілдедегі № 269-Н бұйрығымен бекітілген «Құжаттаманы басқару» құжатталған рәсімі;

1.15 Басқарма төрағасы – Ректордың 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 218-Н бұйрығымен бекітілген «Сапа бойынша жазбаларды басқару» құжатталған рәсімі.

2 Білім беру бағдарламасының паспорты

2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты

Бағдарлама экономиканың цифрлық трансформациясы жағдайында жобаларды, процестерді және командаларды тиімді басқаруға қабілетті заманауи бизнес-менеджмент саласында жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған магистр дәрежесін алуға арналған.

Білім беру бағдарламасы білім алушыларда бизнестің жүйелі көзқарасын қалыптастыруға, талдамалық және басқару құзыреттерін дамытуға, заманауи цифрлық және эконометрикалық құралдарды меңгеруге, сондай-ақ ұлттық және халықаралық деңгейлерде стратегиялық ойлауға және ұтымды басқару шешімдерін қабылдауға бағытталған.

«Бизнес менеджмент және технологиялар» білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың мақсаты көшбасшылық дағдылары, бизнес этикасы және әлеуметтік жауапкершілігі бар, маркетингтік, қаржылық, инновациялық және басқа да стратегияларды қоса алғанда, әртүрлі аспектілерде кәсіпорындардың қызметін басқару саласындағы заманауи технологияларды пайдаланатын менеджерлерді даярлау болып табылады.

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- Қаржыландыру, уақыт және ресурстар бойынша шектеулерді ескере отырып, бизнес-процестердің үлгілерін әзірлеуді, жобалар мен бағдарламаларды жоспарлауды және іске асыруды қоса алғанда, білім алушыларда бизнесті жобалық және процестік басқару саласында құзыреттерді қалыптастыру.

- Аналитикалық және зерттеушілік ойлауды дамыту, экономиканың цифрлық трансформациясы жағдайында негізделген басқару шешімдерін қабылдау үшін эконометрикалық зерттеу әдістерін, бизнес-аналитика және цифрлық технологиялар құралдарын меңгеру.

- Бизнес-процестердің нәтижелілігін және ұйымдардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыру үшін тиімді командалық өзара іс-қимыл, ұжымдар мен жобалау топтарын басқару дағдыларын қалыптастыру.

- Ұлттық және халықаралық деңгейде бизнесті дамыту стратегияларын құру және іске асыру үшін қажетті стратегиялық ойлау мен басқару дағдыларын дамыту.

- Келіссөздер жүргізу, талдамалық және басқару құжаттарын дайындау, халықаралық жобалар мен коммуникацияларға қатысу үшін кәсіби шет тілін меңгеруді жетілдіру.

- Қолайлы корпоративтік ахуалды қалыптастыруға, персоналдың уәждемесін және бизнестің тұрақтылығын арттыруға ықпал ететін этикалық және әлеуметтік-психологиялық басқару дағдыларын қалыптастыру.

- Бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ұйымдардың тұрақты дамуы үшін заманауи цифрлық технологиялар мен инновациялық басқару тәсілдерін қолдану қабілетін дамыту.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде кәсіби стандарттардың талаптары ескерілді: «Шағын (орта) фирманы басқару», «Жобаларды басқару» кәсіптік стандарты (ҚР «Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасарының 26.12.2019 ж. № 263 бұйрығына № 95 қосымша).

2.2 Оқу нәтижелері

Осы бағдарламаның түлектері:

ON 1. Жобалық басқару саласындағы берілген қаржыландыру шеңберлерін, білімдері мен құралдарын ескере отырып, бизнес-процестердің модельдерін, жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу. Бизнестің цифрлық трансформациясы жағдайында эконометрикалық зерттеулер мен бизнес-аналитика технологияларын жүргізу.

ON 2. Бизнес-процестерді жетілдіру және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру үшін топтық жұмысты тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

ON 3. Бизнесті жүргізу ережелерін, оның даму стратегияларын қолдану, сонымен қатар оны халықаралық деңгейде қолдану және кәсіби шет тілін білу.

ON 4. Бизнесті басқарудың әлеуметтік-психологиялық және этикалық дағдыларын иелену.

ON 5. Іскерлік білім мен заманауи цифрлық технологияларды қолдана отырып, бәсекелестік даму стратегиялары мен ұтымды басқару шешімдерін тәжірибеге енгізу.

3 Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

Әлемдік және ұлттық экономиканың қазіргі даму тенденциялары жоғары серпінділікпен, бизнес-процестерді цифрландырумен және инновациялық басқару шешімдерін енгізу қажеттілігімен сипатталады. Компанияларға стратегиялық басқару, бизнес-аналитика және цифрлық технологиялар құзыреттеріне ие жаңа буын мамандары қажет. «Бизнес менеджмент және технологиялар» бағдарламасы еңбек нарығының өзекті талаптарына жауап береді және цифрлық трансформация, жаһандық бәсекелестік және бизнестің жоғары әлеуметтік жауапкершілігі жағдайында тиімді әрекет ете алатын басқарушыларды даярлауға бағытталған.

«Бизнес менеджмент және технологиялар» білім беру бағдарламасының ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- Экономика, менеджмент, цифрлық технологиялар және бизнес-аналитика саласындағы білімді біріктіруді көздейтін оқытудың пәнаралық сипаты, бұл басқарушылық міндеттерді шешуге жүйелі ойлау мен кешенді тәсілді қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

- Аналитикалық және басқарушылық құзыреттерді дамытуға баса назар аудара отырып, нақты бизнес-кейстерді, басқарушылық және жобалық міндеттерді шешу үшін теориялық білімді қолдануға бағытталған тәжірибеге бағытталған тәсіл.

- Жасанды интеллект пен цифрлық аналитика элементтерін қоса алғанда, заманауи жобаларды басқару құралдары мен цифрлық технологияларды пайдалану.

- Интерактивті білім беру технологияларын қолдану – кейс-стади, іскерлік және рөлдік ойындар, топтық жобалық тапсырмалар, білім алушылардың университеттің бизнес-серіктестерімен бірлесіп жобаларға қатысуы.

Білім беру бағдарламасының бәсекеге қабілеттілігі оның заманауи мазмұнымен, пәнаралық тәсілімен және практикалық бағытымен қамтамасыз етіледі. Бағдарлама түлектердің цифрлық экономика және жаһандық бәсекелестік жағдайында жұмысқа дайындығын қалыптастыра отырып, бизнес-білім беру дәстүрлері мен цифрлық технологияларды біріктіреді. Негізгі артықшылықтарға теория мен практиканы интеграциялау, эксперт-практиктердің қатысуы, икемді білім беру траекториясы, көшбасшылық және коммуникациялық дағдыларды дамыту, сондай-ақ менеджменттің халықаралық стандарттарына бағдарлану жатады.

Бағдарлама классикалық бизнес-білім беру тәсілдері мен цифрлық менеджменттің заманауи технологияларын біріктіреді, жаңа буын менеджерлерін – инновацияларды енгізуге және трансформациялық процестерді тиімді басқаруға қабілетті цифрлық көшбасшыларды қалыптастырады. Жобалық менеджмент, бизнес-аналитика және стратегиялық көшбасшылық саласындағы құзыреттерді дамытуға ерекше назар аударылады, бұл түлектердің отандық және халықаралық еңбек нарығында жоғары сұранысын қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламасы мүдделі тараптардың үміттерін ескере отырып құрастырылған: мемлекет, жұмыс берушілер, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары, инвесторлар, жоба командаларының басшылары мен мүшелері, қоғамдық институттар, жергілікті қоғамдастық, серіктестер.

4 Түлектің құзыреттілік үлгісі (бейнесі)

4.1 Кәсіби қызмет салалары

«Бизнес менеджмент және технологиялар» магистрлік бағдарламасының түлектері ұйымдарды басқару, кәсіпкерлік, консалтинг, бизнес-аналитика және цифрлық трансформация салаларындағы кәсіби қызметке дайындалған. Оларды кәсіби іске асыру салаларына корпоративтік және мемлекеттік сектор, консалтингтік және талдау орталықтары, сондай-ақ инновациялық және IT-компаниялар кіреді.

4.2 Кәсіби қызмет түрлері

Бағдарлама түлектерінің кәсіби қызметінің түрлері білім беру даярлығының мазмұны мен мақсаттарымен айқындалады және мыналарды қамтиды:

Ұйымдардың даму стратегияларын әзірлеумен және іске асырумен, жобалық басқарумен, бизнес-процестерді оңтайландырумен және кәсіпорындардың жұмыс істеу тиімділігін арттырумен байланысты басқару қызметі.

Деректерді жинауға, өңдеуге және түсіндіруге, эконометрикалық және бизнес-зерттеулер жүргізуге, аналитикалық есептер мен басқару шешімдерін дайындауға бағытталған аналитикалық қызмет.

Инновациялық жобаларды құруға, дамытуға және коммерцияландыруға, бизнес-практикаға цифрлық шешімдер мен технологияларды енгізуге бағытталған инновациялық-кәсіпкерлік қызмет.

Стратегиялық даму, ұйымдық өзгерістер және бизнес-модельдерді цифрландыру мәселелері бойынша ұйымдарды эксперттік және әдістемелік сүйемелдеуді қамтитын консалтингтік қызмет.

Экономика, менеджмент және цифрлық технологиялар саласында зерттеулер жүргізуге, ғылыми жарияланымдар дайындауға және гранттық жобаларға қатысуға байланысты жобалау-зерттеу қызметі.

Басқару және кәсіпкерлік саласындағы корпоративтік оқыту, тәлімгерлік және біліктілікті арттыру бағдарламаларына қатысуды көздейтін білім беру қызметі.

4.3 Жалпы білім беру құзыреттері

Бағдарламаны игеру нәтижесінде түлек мынадай жалпы білім беретін (эмбебап) құзыреттерді көрсетеді:

басқару мәселелерін шешуде жүйелік, аналитикалық және сыни ойлау қабілеті;

кәсіби және мәдениетаралық ортада тиімді өзара іс-қимылға дайындық, топтық жұмыс және коммуникация дағдыларын меңгеру;

басқарушылық шешімдерді тұжырымдай және дәлелдей білу, кәсіби қызметтің нәтижелерін ауызша және жазбаша түрде ұсына білу;

үздіксіз өзін-өзі дамытуға, кәсіби өсуге және өмір бойы білім алуға дайындық;

шешімдерді талдау, модельдеу және қолдау үшін заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;

кәсіби этика және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын сақтау қабілеті;

келіссөздер, іскерлік хат алмасу және халықаралық өзара іс-қимыл жүргізу үшін кәсіби шет тілдік коммуникацияны меңгеру.

4.4 Базалық құзыреттер

Түлектің базалық құзыреттері оның кәсіби қызметінің негізін құрайды және мыналарды қамтиды:

басқарудың, экономиканың және ұйымдастырушылық дамудың қазіргі заманғы тұжырымдамалары мен әдіснамаларын білу;

басқарушылық шешімдерді әзірлеу үшін стратегиялық талдау және жоспарлау әдістерін қолдана білу;

жобалық және процестік басқару құралдарын, бизнес-модельдеу және цифрлық талдау әдістерін меңгеру;

ұйымдар қызметінің экономикалық тиімділігі мен қаржылық нәтижелеріне бағалау жүргізу қабілеті;

басқару тәжірибесінде цифрлық технологияларды, аналитикалық платформаларды және шешімдерді қолдау жүйелерін қолдана білу;

белгісіздік, тәуекел және ресурстардың шектеулілігі жағдайында ұтымды басқару шешімдерін қабылдауға дайындық.

4.5 Кәсіби құзыреттер

Оқу аяқталғаннан кейін «Бизнес менеджмент және технологиялар» магистратурасының түлегі келесі кәсіби құзыреттіліктерді көрсетеді:

- цифрлық ортаның стратегиялық мақсаттары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, ұйымның бизнес-модельдері мен процестерін әзірлеу және жетілдіру қабілеті.

- бизнесті дамыту бағдарламаларын іске асыру үшін жобалық басқару әдістері мен цифрлық трансформация құралдарын қолдануға дайын болу.

- басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін эконометрикалық талдау, бизнес-аналитика әдістерін және деректерді өңдеу құралдарын меңгеру.

- командалық қызметті ұйымдастыру және үйлестіру, персоналдың дамуын және тиімді корпоративтік мәдениетті қалыптастыруды қамтамасыз ету қабілеті.

- ұйымның тұрақты дамуына бағытталған бәсекеге қабілетті және инновациялық стратегияларды әзірлеу және енгізу мүмкіндігі.

- халықаралық өзара іс-қимыл, іскерлік келіссөздер және жобалық қызмет контекстінде кәсіби шет тілін меңгеру.

- бизнес, қоғам және мемлекет мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ете отырып, этикалық және әлеуметтік жауапты басқару қағидаттарын қолдануға дайын болу.

4.6 Түлектің бейнесі (портреті)

«Бизнес менеджмент және технологиялар» бағдарламасының түлегі – заманауи экономикалық ойлауы, дамыған стратегиялық көзқарасы және экономиканың цифрлық трансформациясы жағдайында басқару шешімдерін қабылдауға дайындығы бар жоғары білікті маман.

Түлек күрделі әлеуметтік-экономикалық процестерді талдауға, тиімді бизнес стратегияларын әзірлеуге және жүзеге асыруға, цифрлық және іскерлік интеллект құралдарын қолдана отырып жобалар мен командаларды басқаруға қабілетті.

Түлек жобалық және стратегиялық менеджмент, бизнес-модельдеу, корпоративтік басқару, инновациялық кәсіпкерлік және халықаралық бизнес саласында кәсіби құзыреттілікке ие. Ол кәсіби этика мен тұрақты даму принциптері шеңберінде көшбасшылыққа, тиімді қарым-қатынасқа, топтық жұмысқа және жауапты шешім қабылдауға дайын екендігін көрсетеді.

«Бизнес менеджмент және технологиялар» бағдарламасының магистрі ұйымдардың дамуын және олардың цифрлық экономикадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ете отырып, өзін әртүрлі кәсіби рөлдерде – басшы, талдаушы, кеңесші, зерттеуші немесе кәсіпкер ретінде табысты жүзеге асыра алады.

5 Кәсіптік практикадан өту базасы

Кәсіптік практика білім алушылардың кәсіптік құзыреттерін қалыптастыруға және дамытуға, теориялық білімдерін бекітуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нақты бизнес-ортасы жағдайында басқарушылық, талдамалық және жобалық қызметтің практикалық тәжірибесін алуға бағытталған «Бизнес менеджмент және технологиялар» БББ білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Практика базалары университеттің экономиканың мемлекеттік, жеке және халықаралық секторларын білдіретін әртүрлі меншік нысандарындағы ұйымдармен ынтымақтастық туралы шарттар негізінде қалыптастырылады.

Практикадан өтудің негізгі базалары:

Энергетика, өнеркәсіп, көлік, телекоммуникация, қаржы және қызмет көрсету салаларында қызметін жүзеге асыратын ірі ұлттық және халықаралық компаниялар;

Білім алушылардың аналитикалық және жобалық зерттеулерге қатысуына мүмкіндік беретін қаржылық-банктік және консалтингтік құрылымдар;

Әлеуметтік-экономикалық даму және цифрландыру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдар;

Кәсіпкерлікті дамытуға және стартап-жобаларды іске асыруға ықпал ететін инновациялық кластерлер, технопарктер, бизнес-инкубаторлар;

Магистранттардың экономика, басқару және цифрлық технологиялар саласындағы академиялық және қолданбалы зерттеулерге қатысуын қамтамасыз ететін ғылыми-зерттеу және білім беру мекемелері.

Практикалар университет пен жұмыс берушілер арасындағы серіктестік келісімдер аясында жүзеге асырылады. Магистранттар аналитикалық және зерттеу жобаларын орындауға, компанияларды басқару, цифрландыру және стратегиялық дамыту бойынша қолданбалы міндеттерді шешуге тартылады. Практика нәтижелері есептер, жобалық ұсыныстар немесе бизнес-жоспарлар түрінде ұсынылады. Кәсіби және коммуникативтік құзыреттіліктерді дамытуға, сондай-ақ тәуелсіз басқару және зерттеу қызметіне дайындықты қалыптастыруға ерекше назар аударылады.

6 Білім беру бағдарламасының құрылымы

p/c №	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		1 жылдық типтік оқу мерзімімен	
		академиялық сағат бойынша	академиялық сағат бойынша
1	2	3	4
1.	Теориялық оқыту	кемінде 1170	кемінде 39
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі	кемінде 300	кемінде 10
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)	180	6
	Шет тілі (кәсіби)	60	2
	Менеджмент	60	2
	Басқару психологиясы	60	2
2)	Таңдау компоненті (ТК)	кемінде 120	кемінде 4
	Басқару экономикасы / Менеджерлерге арналған экономика	120	4
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі	кемінде 870	кемінде 29
1)	Жоғары оқу орны және таңдау компоненті (ЖК)	570	19
	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)	300	10
	Бизнес-процестерді басқару және жоспарлау	150	5
	Стратегиялық басқару және талдау	150	5
	Таңдау компоненті (ТК)	300	10
	Бәсекеге қабілетті бизнес стратегиялары / Бизнесісті басқарудың заманауи әдістері / Бизнес-аналитика	150	5
	Ұйымдастырушылық мінез-құлық, команданы қалыптастыру технологиялары / Бизнес және КӘЖ этикасы	150	5
2)	Өндірістік практика	270	9
2	Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (МЭЗЖ)	кемінде 390	кемінде 13
1)	Тағылымдамадан өту мен магистрлік жобаны орындауды қамтитын магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы	кемінде 390	кемінде 13
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
4	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	кемінде 240	кемінде 8
1)	Магистрлік жобаны ресімдеу және қорғау (МЖРҚ)	кемінде 240	кемінде 8
	Барлығы	кемінде 1800	кемінде 60

7 Білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптастырылатын оқу нәтижелеріне қол жеткізудің өзара байланысы

N	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Цикл	Компонент	Қалыптасатын оқу нәтижелері (коды)	Курсты аяқтау формасы
1	Шет тілі (кәсіби)	Тіл жоғары деңгейде кәсіби және академиялық мақсаттар үшін мамандықтың ғылыми-ұғымдық аппаратымен еркін жұмыс істеуге мүмкіндік береді, ғылыми-ақпараттық базаны кеңейту, ғылыми ақпаратты интерпретациялау, дәлелдеу, сендіру, ғылыми өріс, академиялық хат дағдысын меңгеру.	2	БП	ЖК	ON3	емтихан
2	Менеджмент	"Менеджмент" пәнін оқу барысында магистранттар экономика ғылымдары жүйесіндегі менеджменттің рөлі мен орнымен, басқару функциясының мәнімен, басқарушылық шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру процесінің мазмұнымен, ұйымды құру принциптерімен және ұйымдық құрылымдардың негізгі типтерімен, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерімен, менеджерге қойылатын кәсіби және жеке талаптарымен, басқару тиімділігін анықтайтын факторлармен танысады.	2	БП	ЖК	ON4	емтихан
3	Басқару психологиясы	"Басқару психологиясы" пәнін оқу барысында басқару психологиясының ұғымдық аппараты, басшы және ұжым, еңбек ұжымындағы жанжалдар, басқарушылық қарым-қатынас, шешім қабылдау технологиясы, басқару субъектісі мен объектісі түсінігі, басшы және көшбасшы, бұйрық психологиясы, басқару субъектісі және объектісі ретіндегі тұлға, сын психологиясы, қарым-қатынас субъектілерінің психотиптері, сендіретін әсер етудің психологиялық техникасы қарастырылады.	2	БП	ЖК	ON4	емтихан
4	Басқару экономикасы	Курс классикалық принцип бойынша құрылған, ресурстарды бөлу кезінде компанияның мінез-құлқына тұжырымдамалар мен тәсілдерді зерттеуге, экономикалық қызметті талдауға және агенттердің экономикалық қызметін модельдеуге бағытталған әдіснамалық инновациялар мен әдістемелік әзірлемелерді қамтиды. Басқарушылық қызметте шешімдер қабылдау үшін аналитикалық базаны қалыптастыру бойынша құзыреттерді дамытады.	4	БП	ТК	ON1, ON3	емтихан
5	Менеджерлерге арналған экономика	Курс жекелеген бизнес-бірліктерді, бүкіл компанияны басқару бойынша экономикалық көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Курс жоғары технологиялық салаларда тиімді басқару қызметін қамтамасыз ету саласында кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастырады. Семинар сабақтарында қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдегі жұмыстардың бәсекелес бағыттары арасында шектеулі экономикалық ресурстарды оңтайлы бөлу жөніндегі шешімдерді әзірлеу мақсатында қазақстандық кейстер қаралатын болады.	4	БП	ТК	ON1, ON3	емтихан

6	Бизнес-процестерді басқару және жоспарлау	Пән ұйымның бизнес-процестерін жоспарлау және талдау бойынша модельдеудің заманауи аспаптық жүйелерін, сандық және сапалық әдістер арқылы міндеттерді анықтау және тұжырымдау әдістемесін, ұйымды басқару проблемаларын бағалауды қамтиды. Курсты зерделеу имитациялық модельдеу негізінде бизнес-процестерді жоспарлаудың заманауи әдістерін, бизнес-процестер модельдерінің параметрлерін диагностикалауды, процестік тәсілді іске асыру алгоритмдерін игеруге мүмкіндік береді.	5	БеП	ЖК	ON1	емтихан
7	Стратегиялық басқару және талдау	Пән стратегиялық басқару жүйесі мен процесінде заманауи стратегиялық құралдарды қамтиды. Бәсекелестік артықшылық стратегияларын талдаудың көп өлшемді матрицалық әдістері. Магистранттар стратегиялық талдау, экономикалық процестер мен проблемалық жағдайларды бағалау және болжау, бизнестің стратегиялық карталарын құру әдістемелерін меңгереді. стратегиялық жоспарлаудың аналитикалық құралдары қолданылатын болады. Бизнес-процестерді бақылау жүйесіндегі талдау және бизнесті дамыту тәуекелдері.	5	БеП	ЖК	ON1	емтихан
8	Бәсекеге қабілетті бизнес стратегиялары	Курс бизнестің бәсекеге қабілетті ортасы жағдайында бәсекелестік стратегиялар мен тактикаларды тереңдетіп зерттеу мақсатын көздейді. Технологиялық алмасудағы, өндірістік-технологиялық кооперациядағы, цифрлық трендтердің әсерінен трансформациядағы бәсекелестік іс-қимылдардың модельдері зерделенетін болады. Стратегиялық басқару пирамидасын, бәсекеге қабілеттілікті кешенді бағалау әдістемесін құру. Курсты зерделеу компаниялардың қызметіндегі инновациялар мен заманауи технологияларды біріктіре отырып, технологиялық дамуды жаңғыртуға мүмкіндік береді.	5	БеП	ТК	ON1	емтихан
9	Бизнесті басқарудың заманауи әдістері	Пән бизнесті басқарудың инновациялық әдістерін зерттеуге бағытталған: жоспарлау-бағдарламалау-бюджеттеу, теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі, шығындарды басқару, кәсіпорынның тиімділігін басқару және т.б. курсты игеру барысында бизнесті цифрландыру жағдайында инфрақұрылымдық-технологиялық деңгейде жаңа бизнес-модельдер игеріледі, бұл бизнесті цифрлық трансформациялау процестерін басқаруға мүмкіндік береді. Компанияның мақсатты бизнес-модельдерінің нұсқаларын әзірлеу және негіздеу.	5	БеП	ТК	ON1	емтихан
10	Бизнес-аналитика	Курсты оқу барысында олардың арасындағы іскерлік байланыстарды анықтау үшін деректерді өңдеу әдістері мен құралдарын (Python, Big Data , SQL, Tableau) зерттеу жоспарланған. Деректерді өндіру алгоритмдерін зерттеу. Магистранттар: бизнес-аналитика жүйелерінің тұжырымдамаларын; деректерді өндіру алгоритмдерін зерттеуді; диаграмма түрлері мен бақылау тақталарын; бизнес-аналитиканың озық / дамып келе жатқан технологияларын зерделейтін болады	5	БеП	ТК	ON1	емтихан

11	Ұйымдастырушылық мінез-құлық, команданы қалыптастыру технологиялары	Курс аясында ұйымдардың мінез-құлық, әлеуметтік-мәдени, институционалдық табиғатын, ұйымдық мінез-құлық модификацияларын, командалық білім беру технологияларын, командалық рөлдерді типологиялауды, конфликтологияны және стрессті басқаруды терең зерттеу жоспарланған. Пән компания қызметкерлерінің мінез-құлқының стереотиптерін тану, ұйымдағы өзгерістерді басқару және ұйымның мотивациялық жүйесін басқару дағдыларын қалыптастырады. Магистранттар ұйымдық мінез-құлық үлгілерін дұрыс анықтай алады, тиімді басқару топтарын құра алады.	5	БеП	ТК	ON2, ON4	емтихан
12	Бизнес және КӨЖ этикасы	Курс бизнестегі (утилитаризм, деонтология) заманауи этикалық теориялар мен тұжырымдамаларды, сондай-ақ КӨЖ және тұрақты даму тұжырымдамаларын, нарықтағы (бәсекелестік, Мемлекет және өзін-өзі реттеу) және компаниядағы (комплаенс және тұрақты басқару жүйелері) этиканы басқару тетіктерін қарастырады. Қазіргі заманғы іскерлік этика мен әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі проблемаларының бірі ретінде моральдық дилеммалар мен сыбайлас жемқорлық құбылысын сыни талқылау көзделеді	5	БеП	ТК	ON2, ON4	емтихан
13	Өндірістік менеджмент	Оқыту процесінде алған теориялық білімдерін бекітуге және оларды кәсіби міндеттерді шешу үшін қолдануға мүмкіндік береді; практика кезеңінде есепті, ғылыми мақаланы және магистрлік жобаны жазу үшін эмпирикалық және теориялық материалдар өңделуі тиіс; магистрант заманауи АКТ-ны пайдалана отырып, зерттеу нәтижелерін жинақтайды; презентация дағдыларын көрсетеді және зерттеудің қойылған мақсатын шешуде шығармашылық әлеуетін ашады.	9	БеП	ТК	ON3, ON5	есеп

